

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

"БЕКТЕМІН"

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры

Қ.М.Баймырзаев
"20" *Ақпан* 2013 ж.



МАМАНДЫҚ БОЙЫНША ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН ДАЙЫНДАУ
ЕРЕЖЕСІ

П ҚМПИ 26-02-08

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	П ҚМПИ 26-02-08	үшінші	Н.Ю. Кифик <i>[Signature]</i>	М.Ә. Төлеген <i>[Signature]</i>	Жумекенова С.Е. <i>[Signature]</i>

Қостанай, 2013 ж.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	үшінші басылым
Мамандық бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындау Ережесі	П ҚМПИ 26-02-08	Беті: 2

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Кредиттік білім беру жүйесі жағдайында студенттер мен профессорлық оқытушылар құрамының ұтқырлығын арттыру білім беру ұйымының академиялық еркіндігі және өкілеттігін кеңейту арқылы жүзеге асады. Білім алушылардың академиялық еркіндігін, білім беру бағдарламасына кіретін пәндерді игеруде олардың дербес жұмыс істеуі арқылы өздігінен білім алу және ұйымдаса білу қабілеттерін дамытады.

1.2. Білім беру философиясы мен мамандық даярлау моделін бейнелейтін ресми құжат мамандықтың оқу-әдістемелік кешені болып табылады.

1.3. Мамандықтың оқу-әдістемелік кешені - мамандық бойынша бакалаврларды даярлаудың концепциясын анықтайтын құжат.

1.4. Мамандықтың ОӘК әр мамандық студенттеріне білім берудің мақсатын, мазмұнын және әдістерін анықтайды. Ол өзара байланысты оқу-әдістемелік құжаттар мен мәліметтерден тұрады.

1.5. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында мамандықтың оқу-әдістемелік кешенін дайындау мен құрастыру 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 - III ҚР "Білім беру туралы" заңына сай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ҚР МЖМБС 5.03.007-2006 "Білім беру - кәсіби бағдарламалар. Негізгі ережелеріне" сай, 2011 жылғы 17 маусымдағы, №261 ҚР МЖМБС 5.03.019-2011 "Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер" негізінде; 2011 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің м.а. бұйрығымен бекітілген кредиттік технологиямен білім беру бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі; сонымен қатар осы ереже негізінде жүзеге асырылады.

2. МАМАНДЫҚТЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ:

- мамандықтың жоғары білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- типтік оқу жоспары;
- мамандықтың барлық оқу түрлері бойынша (күндізгі, сырттай, жеделдетілген) оқу-жұмыс жоспарлары;
- пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (оқу-жұмыс жоспары бойынша);
- пәндер каталогі;
- мамандық пәндерін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету туралы мәліметтер;
- оқу, педагогикалық, өндірістік, диплом алдындағы машықтануды ұйымдастыру мен өткізу мәліметтері;
- дипломдық жұмысты орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- қорытынды мемлекеттік аттестаттау бойынша әдістемелік нұсқаулар;
- арнайы дәрісханалар, кабинеттер мен зертханалар тізімі;
- студенттерге арналған анықтамалықтан (оқу түрлері тұрғысында) тұрады.

3. МАМАНДЫҚТЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІН ҚҰРАСТЫРУ

3.1. Мамандықтың жоғары білім беру мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (көшірме);

3.2. Типтік оқу жоспары (көшірме);

3.3. а) институттың Ғылыми Кеңесімен бекітілген барлық оқу мерзіміне арналған оқу-жұмыс жоспарлары (барлық оқу түрлері бойынша), б) институттың Ғылыми Кеңесімен бекітілген ағымдық оқу жылына арнап құрастырылған оқу-жұмыс жоспарлары.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	үшінші басылым
Мамандық бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындау Ережесі	П ҚМПИ 26-02-08	Беті: 3

3.4. Пәндердің оқу-әдістемелік кешені (тіркеу нөмірі мен оның орналасуы көрсетілген оқу-жұмыс жоспары бойынша бекітілген ПОӘК туралы ақпарат)

Оқу-жұмыс жоспарының бөлімдері	Пән атауы	Кафедра, оқытушының, ПОӘК дайындаушының Т.А.Ә.	ПОӘК бекіту күні	Тіркеу (папка) нөмірі	ПОӘК орналасқан орны
--------------------------------	-----------	--	------------------	-----------------------	----------------------

3.5. Элективті пәндер каталогі (ЭПК). ЭПК электронды нұсқасы болған жағдайда МОӘК-ке диск тіркеледі. Элективті пәндер каталогі институттың оқу және әдістемелік кеңесімен бекітіледі. МОӘК-де пәндер каталогінің 3 жылдық нұсқалары сақталады.

3.6. Мамандықтың оқу - әдістемелік пәндерін қамтамасыз етуі туралы ақпарат. ПОӘК-нің осы құрылымдық бөлімінің, мамандықтың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне негізделіп құралған, электронды нұсқада болуына рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда диск МОӘК тіркеуінде сақталады.

3.7. Педагогикалық (үзіліссіз педагогикалықты практиканы қосқанда), өндірістік, диплом алдындағы машықтануды өткізу және ұйымдастыру мәліметтері:

- машықтанудың типтік бағдарламасы (түпнұсқа және көшірмесі);
- машықтанудың жұмыс бағдарламасы (түпнұсқа);
- кафедраның машықтануды ұйымдастыру, өткізу туралы, есеп үлгілері туралы дайындаған әдістемелік нұсқаулары т.б.;
- машықтанудың базасы болып табылатын ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен келісімшарт (көшірмесі);

3.8. Диплом жұмысын орындауға қажетті әдістемелік ұсыныстар:

- ҚМПИ диплом жұмысы туралы ережесі (көшірмесі);
- Диплом жұмысын дайындауға және рәсімдеуге арналған әдістемелік нұсқаулар (мамандықтың студенттеріне);
- Оқу жылының мамандық студенттеріне арналған диплом жұмыстарының тақырыптары (тақырып 3 жыл көлемінде сақталады, факультет Кеңесінде бекітіледі).

3.9. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша әдістемелік нұсқаулар:

- Кафедрамен даярланған қорытынды мемлекеттік аттестацияға өткен (мемлекеттік емтихан) студенттерге арналған әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулар т.с.с. мәліметтер.

3.10. Арнайы дәрісханалар, кабинеттер және зертханалар тізімі (арнайы дәрісханалық қор бойынша мәліметтер келтіріледі).

Үлгі:

Дәрісхана № атауы	Дәрісхананың арналуы	Оқу үрдісінің қандай түрлері орындалады	Жабдықталуы (техникалық т.б.)	Дәрісханаға жауапты тұлға
-------------------	----------------------	---	-------------------------------	---------------------------

3.11. Студенттерге арналған анықтамалық кітапша:

Мамандықтың күндізгі, сырттай оқыту бөлімдерінің 1-курс студенттеріне арналған анықтамалық кітапша үлгілері.

4. МАМАНДЫҚТЫҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

4.1. МОӘК мамандықтың әдістемелік комиссия басшылығымен кафедра ұжымы дайындайды. МОӘК құрылымы бойынша жеке құжаттар электронды түрде болуы мүмкін.

4.2. Құжаттың сапасына кафедра меңгерушісі жауапты.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	үшінші басылым
Мамандық бойынша оқу-әдістемелік кешен дайындау Ережесі	П ҚМПИ 26-02-08	Беті: 3

4.3. Басқа кафедралар дайындауға көмектескен МОӘК мәліметтерін орналастыру үшін, кафедраларға қажет мәліметтерді көрсете отырып сұраныс жіберіледі.

4.4. Мамандықтың оқу-әдістемелік кешеніне енетін өзге кафедралар дайындаған ПОӘК, кешенді шығарушы кафедраға тек ПОӘК мазмұны мен оның орналасқан жері туралы ғана ақпарат береді.

4.5. Мамандықтың оқу-әдістемелік кешені факультеттің әдістемелік бюросының, Факультет Кеңесінің ұсынысымен, Факультет Кеңесі төрағасы қол қойып, факультет мөрімен бекітіледі. Бекіту (қайта бекіту) рәсімі жылына бір рет, 1 маусымнан кешікпей орындалады.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

МОӘК кафедрада сақталып, оған кафедра лаборанты жауап береді.